



Астық сапасының сараптамасы тәртібіне және астық сапасының паспортын беруге қойылатын талаптарды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 19 сәуірдегі N 226 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 11 мамырдағы тіркелді. Тіркеу N 2841. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 10-1/18 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.01.17 № 10-1/18 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Барлық мәтін бойынша "сертификат", "сертификатта", "сертификаты", "сертификатын", "сертификатында", "сертификатының" деген сөздер тиісінше "паспорт", "паспортта", "паспорты", "паспортын", "паспортында", "паспортының" деген сөздермен;

барлық мәтін бойынша "стандартқа", "стандарт", "стандарттың", "стандартты", "стандартпен" деген сөздер "стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарға", "стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар", "стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың", "стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды", "стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттармен" деген сөздермен ауыстырылды;

барлық мәтін бойынша ", техникалық шарттардың", ", техникалық жағдайлармен" деген сөздер алынып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2007.05.28. N 355 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

К е л і с і л д і

Қазақстан Республикасы
Индустрия және сауда
министрлігінің Стандарттау,
метрология және сертификаттау
жөніндегі комитетінің төрағасы

2004 ж. 16 сәуір N _____

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы "Астық туралы" Заңын жүзеге асыру мақсатында бұйырамын:

1. Қоса берілген астық сапасының сараптамасы тәртібіне және астық сапасының паспортын беруге қойылатын талаптар бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Егіншілік департаментінің директоры А.Қ.Евниевке жүктелсін.

Ескерту. Тақырыбына және 1-тармағына өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2007.05.28. N 355 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

3. Егіншілік департаменті (Евниев А.Қ.) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің*

орынбасары - Министр

"Астық сапасының сараптамасы
тәртібіне және астық сапасының
паспортын беруге қойылатын
талаптарды бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы Министрінің
2004 жылғы 19 сәуірдегі
N 226 бұйрығымен бекітілген

Астық сапасының сараптамасы тәртібіне және астық сапасының паспортын беруге қойылатын талаптар

Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2007.05.28. N 355 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

Осы Астық сапасының сараптамасы тәртібіне және астық сапасының паспортын беруге қойылатын талаптар (бұдан әрі - Талаптар) "Астық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, сәйкес әзірленді және сапасы бойынша стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарға жатпайтын астықты экспортқа және ішкі рынокта сатуға жол бермеуге бағытталған.

Осы Талаптар астық сапасын сараптау жөніндегі зертханаларды тіркегенде және тіркеуге дайындағанда, астық сапасына сараптама жүргізгенде, астық сапасын сараптау жөніндегі зертханалардың қызметіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асырғанда міндетті.

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің

2007.05.28. N 355 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

1. Осы Талаптарда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Осы Талаптарда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:
өтініш - астық сапасын сараптау жөніндегі зертханаға берілетін, соның негізінде астық сапасын сараптау жүргізілетін, белгіленген үлгідегі құжат;
өтініш беруші - астық сапасын сараптауды жүргізуге өтініш берген жеке немесе заңды тұлға;
сынау - белгіленген процедураға сәйкес астықтың бір немесе бірнеше сипаттамаларын анықтаудан тұратын техникалық операция;
астық сапасын сараптау жөніндегі зертхана - астық сапасын сараптауды жүргізу және сапа паспортын беру құқығына белгіленген тәртіппен тіркелген астық сапасын сараптау жөніндегі сынау зертханасы;
тіркеу аймағы - тіркеген кезде орындауға құқықтық алынған астық сапасына сараптама жүргізу жөніндегі жұмыстар тізбесі;
астық партиясы - сапасы туралы бір құжатпен ресімделген бір жылғы астықтың сапасы бойынша біртекті көлемі;
сынау хаттамасы - сынау нәтижелері және сынауға жататын басқа да ақпаратты бар құжат;
астық сапасының паспорты - астықтың нақты сапа көрсеткіштерін және олардың стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар талаптарына және (немесе) келісім-шарттың шарттарына сәйкестігін растайтын құжат;
астық сапасының сараптамасы - астық сапасының нақты көрсеткіштерін анықтауға және бекітуге бағытталған, өзіне көлік құралдарын (қойманы) зерттеуді, сынақты алу мен сынауды, астық сапасының паспортын ресімдеуді қосатын шаралар кешені.

2. Жалпы қағидалар

2. Астық сапасының сараптамасын астық сапасының сараптамасын жүргізу құқығына тіркеу жөніндегі орган белгіленген тәртіппен тіркеген зертханалар жүзеге асырады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2007.05.28. N 355 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

3. Тіркелген астық сапасының сараптамасы жөніндегі зертханалар жүзеге асыратын астық сапасының сараптамасы жөніндегі жұмыстардың түрі тіркеу аймағымен айқындалады және тіркеу жөніндегі орган берген тіркеу

аттестатымен

расталады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2007.05.28. N 355 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

4. Астық сапасының сараптамасын астық сапасының сараптамасы жөніндегі зертханалардың белгіленген тәртіппен аттестатталған мамандары жүргізеді.

5. Астық сапасының паспорты бір мекен-жайға, көлік құралының (автомобиль, вагон, кеме) бір түріне тиеп жөнелтілетін немесе бір уақытта сақтауға арналған астықтың әрбір біртекті партиясына беріледі.

6. Астық сапасының паспорты сынау хаттамасы негізінде беріледі.

3. Астық сапасының сараптамасын жүргізу тәртібіне қойылатын талаптар

7. Астық сапасының сараптамасына:

1) көлік құралын (қойманы) зерттеу;

2) сынамалар алу;

3) сынаулар жүргізу;

4) астық сапасының паспортын ресімдеу енеді.

8. Астық сапасының сараптамасы астық сапасының сараптамасы жөніндегі зертхана мен өтініш беруші арасында астық сапасының сараптамасын жүргізуге жасалған шарттың негізінде жүргізілуі тиіс.

9. Өтініш беруші астық сапасының сараптамасы жөніндегі зертханаға осы талаптардың 1-қосымшасына сәйкес астық сапасына сараптама өткізуге өтініш беруі тиіс. Ол тіркеледі және оны астық сапасының сараптамасы жөніндегі зертхананың меңгерушісі қарайды.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2007.05.28. N 355 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

10. Астық сапасының сараптамасы жөніндегі зертхананың меңгерушісі астық сапасының сараптамасын жүргізу жөніндегі маманды айқындауы тиіс. Оған тапсырма мен өтініштің көшірмесі беріледі.

11. Астықты тиеу сәтіне дейін көлік құралы бөтен заттардың, астық қалдығының, бөтен иістің болмауы және зиянкестермен залалдануы мәніне мұқият зерттелуге жатады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2007.05.28. N 355 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

12. Осы Талаптардың 11-тармағында көрсетілген жағдайлардың біреуі белгілі болғанда осы Талаптардың 3-қосымшасына сәйкес көлік құралын жарамсыз деп тану актісі жасалуы керек. Жарамсыз деп тану актіне астық сапасының сараптамасы жөніндегі зертхананың маманы, астық қабылдау кәсіпорны мен өтініш берушінің өкілдері қол қояды.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2007.05.28. N 355 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

13. Қоймада сақтаулы астықтың сапасын сараптау кезінде қойманың зиянкестермен залалданбағанына, ластанбағанына зерттеу жүргізілуі тиіс. Астық сапасының сараптамасы жөніндегі зертхананың маманы зиянкестермен залалданбағанын және ластанбағанын айқындау үшін қойманың, технологиялық жабдықтың толтырылмаған бөлігінен астықтың шашылған, сыпырылған қалдықтарын алады.

Қойманың залалданғаны, ластанғаны белгілі болған жағдайда астық сапасының сараптамасы тоқтатылуы және акт жасалуы тиіс. Оған астық сапасының сараптамасы жөніндегі зертхананың маманы, астық қабылдау кәсіпорны мен өтініш берушінің өкілдері қол қояды.

14. Сынамалар алу астық қабылдау кәсіпорны өкілінің қатысуымен өтініште көрсетілген сынамалар алу әдістемесіне сәйкес жүргізілуі тиіс. Сынамалар алу сынамалар алу актімен осы Талаптардың 4-қосымшасына сәйкес ресімделуі тиіс. Сынамалар N 1 нысандағы журналда осы Талаптардың 5-қосымшасына сәйкес тіркелуі тиіс.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2007.05.28. N 355 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

15. Сынаулар астық сапасының сараптамасы жөніндегі зертханада өтініш берушінің өтінішінде көрсетілген сапа көрсеткіштері мен сынау әдістері бойынша жүргізілуі тиіс. Сынаулар сынамалар алу сәтінен бастап үш сағаттан кешікпей басталуы тиіс.

16. Тіркеу аймағына енбейтін сапа көрсеткіштерін айқындау қажет болған жағдайда қосалқы мердігер шартымен басқа астық сапасының сараптамасы жөніндегі тіркелген зертхананың нәтижелері қабылдана алады.

Бұл жағдайда алынған, мөрленген және астық сапасының сараптамасы жөніндегі зертхананың маманы мен өтініш беруші қол қойған сынама осы Талаптардың 6-қосымшасына сәйкес өтінішпен бірге басқа астық сапасының сараптамасы жөніндегі зертханаға жіберілуі тиіс. Осы көрсеткіш бойынша сынау жүргізген астық сапасының сараптамасы жөніндегі зертхана сынау нәтижесін осы Талаптардың 7-қосымшасына сәйкес беруі тиіс.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2007.05.28. N 355 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

17. Сынау нәтижелері осы Талаптардың 8-қосымшасына сәйкес екі данада сынау хаттамасымен рәсімделуі және осы Талаптардың 9-қосымшасына сәйкес N 2 нысандағы журналға тіркелуі тиіс. Сынау хаттамасының бір данасы өтініш берушіге беріледі, екіншісі астық сапасының сараптамасы жөніндегі зертханада қ а л а д ы .

Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2007.05.28. N 355 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

18. Астық сапасының сараптамасының өтініш берушінің талаптарын қанағаттандыратын нәтижелерін алған жағдайда астық сапасының сараптамасы жөніндегі зертхананың маманы астық сапасының паспортын осы талаптардың 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ресімдеуі және беруі тиіс. Астық сапасының паспортының түпнұсқасы мен телнұсқасы өтініш берушіге берілуі тиіс. Астық сапасының паспортының көшірмесі астық сапасының сараптамасы жөніндегі зертханада қалады және үш жыл сақталады.

Астық сапасының паспорты әр ыдыс-орын бойынша сынау жүргізілгеннен кейін үш сағаттан кешікпей берілуі тиіс.

Ескерту. 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2007.05.28. N 355 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

19. N 1, 2 нысандағы журналдар жіпке тігілуі, нөмірленуі және зертхана меңгерушісінің қолымен бекітілуі тиіс.

20. Салынған және астық сапасының сараптамасы жөніндегі зертхананың маманы мен өтініш беруші мөрлеген сынама астық сапасының сараптамасы жөніндегі зертханада мына мерзім ішінде:

тиеп жөнелтілген және сақтаулы партияларға - сапа паспортының күші м е р з і м і і ш і н д е ;

сапасы бойынша түсініспеушіліктер болған жағдайда - түсініспеушіліктерді қарастырудың толық аяқталғанына дейін сақталуы тиіс.

Ескерту. 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2007.05.28. N 355 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

21. Астық сапасының паспорты күшінің мерзімін астық сапасының сараптамасы жөніндегі зертхана белгілейді, бірақ ол 30 күнтізбелік күннен аса а л м а й д ы .

Ескерту. 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің

2007.05.28. N 355 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

4. Астық сапасының паспортын ресімдеу тәртібіне қойылатын талаптар

22. Астық сапасының паспорты дәнді, дәнді-бұршақты, майлы дақылдарға ресімделеді.

Астық сапасының паспортында:
код Т Н С Э Қ ;
берілген күні, айы, жылы - айы жазбаша көрсетіледі;
күші мерзімі ;
жіберуші - жіберушінің атауы қойылуы тиіс;
жіберу пункті - жіберу станцияның атауы қойылуы тиіс;
астық қабылдау кәсіпорнының атауы;
көлік (склад) N - автокөліктің, вагонның, кеменің құралының немесе қойманың нөмірі қойылуы тиіс;
салмағы - партияның салмағын килограммен көрсету керек;
орын саны - ыдысқа салынған жүктер үшін немесе "үюлі түрде" - ыдыссыз жүктер үшін көрсетіледі;
қабылдаушы - алушының атауы және елі қойылуы тиіс;
жеткізу пункті - жеткізу станцияның атауы қойылуы тиіс.

Басқа бағандар мынадай түрде толтырылуы тиіс:

"Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар және (немесе) келісім-шарт" - стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың нөмірін және (немесе) келісім-шарттың нөмірі мен күнін көрсету керек;

"Дақылдың атауы" - астықтың көрсетілген түріне арналған стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар бойынша дақылдың атауын көрсету керек, жүгеріге "астықта" немесе "собықта" деген сөздерді қосады, астық қоспасында қоспаның құрамын пайызбен көрсетеді.

"Түрі" - стандарт бойынша түрдің нөмірі рим санымен қойылуы тиіс. Түрлердің қоспасына нөмірлерді және олардың құрамын көптігіне қарай қою керек.

"Түр-түрлері" - түр-түрлерінің нөмірі араб санымен қойылуы тиіс. Түр-түрлерінің араласқанын көптігіне қарай түр тармақтарының нөмірлері мен олардың құрамы көрсетеді.

"Сынып" - сынып нөмірі стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарға сәйкес араб санымен қойылуы тиіс. Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар бойынша төменгі сыныптың нормаларын қанағаттандырмайтын астықты

сыныпсыздық белгісін көрсету арқылы "сыныпсыз" деп айқындайды. Жарма дақылдарының астығына "стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды" немесе егер стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар талаптарына сай болмаса "стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарсыз" деп көрсету керек.

"Түсі" - түсінің сипаттамасы стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарға сәйкес берілуі тиіс. Түссіз бидай түссіздену дәрежесімен сипатталады, мысалы: "II дәрежеде түссізденген", қарайған астық "қарайған" деп айқындалады; ұнды дәндер қоспасы есебінен түсі бойынша ауытқымалар бар қатты бидай "түсі бойынша сай емес" деп айқындалады.

"Иісі" - стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес көрсетілуі тиіс. Егер өтініштің талаптарында басқа иістің болуына жол берілсе иістің атауы көрсетілуі тиіс.

"Залалдануы" - астық кенесімен және астық қорының зиянкестерімен бүлінудің барлығын және бүлінудің дәрежесін көрсету керек. Бүліну болмаған жағдайда "айқындалған жоқ" деп көрсету керек.

"Табиғаты" - 1 граммға дейін дәлдікте граммен қойылуы тиіс.

"Ылғалдылығы" - 0,1 %-ға дейінгі туралықпен ылғалдың нақты көлемі көрсетілуі тиіс. Жүгері собықта болған жағдайда астықтың ылғалдылығы бөлшекпен көрсетіледі, бұл жерде бөліндіде астықтың ылғалдылығы, бөлгіште - сабақтың ылғалдылығы көрсетіледі.

"Жылтырлығы" - 1 пайызға дейін дәлдікте бидай мен күрішке қойылуы тиіс.

"Дән маңызының салмақтық үлесі" - бидай астығына шикі дән маңызының саны 1 пайызға дейін дәлдікте қойылуы тиіс, жуылмайтын дән маңызы бар бидайға - "жуылмайтын" деп жазу керек.

"Дән маңызының сапасы" - (бүтін) шартты тірліктердің саны көрсетілуі тиіс.

"Тобы" - жазбаша жазылуы тиіс (бірінші, екінші, үшінші), "жуылмайтында" - бағанда сызықша қойылады.

"Арамшөптік араласпалар" - 0,1 пайызға дейін дәлдікте арамшөптік араласпалар фракция сомасы қойылуы тиіс, соның ішінде міндетті түрде 0,01 пайызда дәлдікте:

минералды - сипаты (қиыршық тас, топырақ, құм және т.б.) және саны; бүлінген - бүлінген дән саны; зиянды - қоспалық бөлек әр түрі немесе қосындысы мен бойынша аты саны; бидай, сұлы, арпадағы фузариозды және қызғылт түсті дәндер; саны стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттармен және (немесе) келісім-шартпен (шартпен) шектелген қиын бөлінетін және улы қоспалар фракциялар көрсетіледі.

"Дәндік (майлы) араласпалар" - 0,1 пайызға дейін дәлдікте дәндік (майлы) араласпалар фракциясының сомасы қойылуы тиіс, соның ішінде міндетті түрде

0,01 пайызда дәлдікте **сының астық** (майлы) қоспа фракциялары көрсетіледі: дәндік (майлы) араласпаларға жататын екпе өсімдіктер дәнінің болуы; стандарпен және (немесе) келісім-шарт (шартпен) көрсетілген соғылған, желінген, мыжылған, солғын, өніп кеткен және басқадай фракциялар; кендір тұқымына - үпілмәлік тұқымының болуы немесе болмауы көрсетілуі т и і с .

Егер де арамшөптік араласпалар немесе дәндік (майлы) араласпалар бары анықталмаған жағдайда, "0,0 пайыздан" көрсетілуі тиіс, қоспа 0,05 пайыздан кем болған жағдайда нақты саны қойылады, мысалы: "0,04 пайыз" немесе "0,01 п а й ы з " .

"Құлау саны" - секундына құлау саны көрсеткіші мен сынау әдісі көрсетілуі т и і с .

"Ақуыз" - сынау әдісін көрсетуі арқылы абсолютті кебу затына ақуыздың (протеиннің) маңызы көрсетілуі тиіс.

"Ерекше белгілер" - көрсетілуі тиіс: егер астық кептірілген болса - "кептірілген" газдау және газсыздандыру күндері, фумиганттың аты (егер астық газдалған б о л с а) ;

жемдік мақсатта жеткізілетін астықта бүлінген және жарақаттанған дәндер саны 1 пайыздан жоғары болса, оның жемдікке жарамды екені туралы ветеринар қызметі анықтамасының нөмірі мен күні көрсетіледі;

астықта металмагнитті қоспа табылған жағдайда оның салмағы 1 кг астықта 1 мг дейін дәлдікте көрсетіледі;

бидай тасбақаша-кенемен зақымданған жағдайда, осы зиянкеспен зақымданған дәннің саны 0,1 пайызға дейін дәлдікте көрсетіледі;

бидай, тарыда қаштауыш дән қоспалары болса - олардың саны 0,1 пайызға дейін дәлдікте көрсетіледі;

ақаулық дәрежесі (ашыған, зең көгерген, шіріген көгерген иісі бар астыққа).

"Қосымша көрсеткіштер" - көрсетілуі тиіс:

1) стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттармен көзделмеген, бірақ келісім-шартта (шартта) жазылған сапа көрсеткіштері, оларды сынау әдістемесі және осы сынау әдістемесінде көзделген дәлдіктегі нәтижелер;

2) сапа паспортының бланкінде бағандары жоқ стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттармен көзделген сапа көрсеткіштері;

ашытқы және спирт өндірісіне жеткізілетін сыра қайнататын арпа және басқа дәнді дақылдар - өну қабілеті (5-ші күні) немесе 1 пайызға дейін дәлдікте өмірге қабілеттікті (сыра қайнататын арпа);

қарамық, тары, күріш және жармалық сұлы - 0,1 пайызға дейін дәлдікте қ а у ы з д ы ғ ы көрсетіледі;

жарма өндіруге жөнелтілетін сұлы, тары және қарамық - 0,1 пайызға дейін дәлдікте ядросының маңызы көрсетіледі;

кендір және зығыр майтұқымы - 0,1 пайызға дейін дәлдікте тазалығы көрсетіледі;

жасымық, асбұршақ, бұршақ дән қоңызымен және жапырақ ширатқыш көбелекпен зақымдануы - 0,01 пайызға дейін дәлдікте көрсетіледі;

дайындалатын және жемдік сұлы - стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарына қарай жиынтық бойынша немесе бөлек түрде екпе өсімдіктердің тұқымы мен дәнінің маңызы, сонымен қатар, жемдік сұлыға - металмагнитті қоспаның көлемі 1 киллограммдағы миллиграммға дейін дәлдікте және бөлшектердің көлемі көрсетіледі;

собықтағы жүгері - 0,1 пайызға дейін дәлдікте дән шығымы қойылады;

күріш - 0,1 пайызға дейін дәлдікте қызыл, сарғайған және глютинозды дәндер бөлек көрсетіледі;

қарамық және жармалық сұлы - астық запастарының өлі зиянкестерінің саны көрсетіледі;

тары - 0,1 пайызға дейін дәлдікте гүл қабыршақтары қоңыр, кара қоңыр және кара түстес дәндердің көлемі көрсетіледі;

балалар тамағына арналған тары, сұлы және қарамық - сәйкестік паспортының нөмірі көрсетіледі;

күнбағыс тұқымы - 0,1 мг КОН дәлдікте майдың қышқылдық саны көрсетіледі;

азықтық бөрібұршақ - 0,1 пайызға дейін дәлдікте бөрібұршақтың алколоидты тұқымының көлемі көрсетіледі;

жармалық сұлы - 0,1 пайызға дейін дәлдікте бидайдың, полбаның, кара бидайдың және арпаның соммалық маңызы көрсетіледі;

балалар тамағына арналған дайындалатын және жармалық сұлы, қарамық, күріш - 1 градусқа дейін дәлдікте қышқылдығы көрсетіледі;

мақта тұқымы - 0,1 пайызға дейін дәлдікте тұқымның толық түктенуі көрсетіледі.

"Астық сапасының паспортын берген зертхананың атауы" - астық сапасының сараптамасы жөніндегі зертхананың толық атауы көрсетіледі.

"Аттестаттың N" - астық сапасының сараптамасы жөніндегі зертхананың тіркеу аттестатының нөмірі көрсетіледі.

"Қолы" - астық сапасының сараптамасы жөніндегі зертхана маманының қолы қойылуы тиіс.

"М.П." - астық сапасының сараптамасы жөніндегі зертхананың мөрі қойылуы тиіс.

Ескерту. 22-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің

2007.05.28. N 355 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

23. Егер де стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттармен және (немесе) келісім-шартпен түрлері, түр-түрлері, сыныбы немесе жоғарыда көрсетілген көрсеткіштер көзделмесе, онда тиісті бағанда сызықша қойылады.

24. Астық сапасының паспорты, телнұсқасы және көшірмесі анық және түзетілмеген күйінде толтырылуы тиіс.

5. Астықтың сапа паспорты бланкінің сипаттамасы

25. Астық сапасының паспорты үшпарақты нысандағы (астық сапасының паспорты, астық сапасының паспортының телнұсқасы, астық сапасының паспортының көшірмесі) бланкта ресімделеді.

Ескерту. 25-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2007.05.28. N 355 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

26. Астық сапасының паспортының үш қорғаныс дәрежесі бар. Сатып алынған баланктің қорғаныс дәрежесін өзгертуге және толықтыруға тыйым салынады.

27. Астық сапасының паспорты осы Талаптардың 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша астық рыногы саласындағы уәкілетті орган анықтаған ұйым дайындайды.

Ескерту. 27-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2007.05.28. N 355 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

28. Астық сапасының паспорты қатаң есеп беру бланкісі болып табылады. Бланктерді есепке алуын ұйымдастыру мақсатында астық сапасының паспортында паспортта, телнұсқада және көшірмеде бірдей нөмір бар. Астық сапасының паспорты бланктерінің қозғалысы туралы есепті ай сайын астық сапасының сараптамасы жөніндегі тіркелген зертханалар астық рыногы саласындағы уәкілетті органға тапсырулары тиіс.

Ескерту. 28-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2007.05.28. N 355 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

Астық сапасының сараптамасы
тәртібіне және астық сапасының
паспортын беруге қойылатын
талаптарға 1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2007.05.28. N 355 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

200_ж. "___" _____

Астық сапасына сараптама жүргізуге N_____ өтініш

Өтініш беруші _____

Мекен-жайы _____

Телефоны, факсы _____

_____, _____ жеткізу станциясы

жеткізілетін _____ ел

алушы _____ тиеп жөнелтуге арналған, _____

атауы

_____ астық қабылдау кәсіпорнында сақтаулы, салмағы _____ тонна

_____ астығы партиясының сапасына сараптама жүргізуді сұраймыз.

дақылдың

атауы

Сараптама жасауға жататын астық _____

стандарттың және (немесе) келісім-шарттың нөмірі

талаптарына сай болуы тиіс.

Тиеп жөнелту _____ жүргізіледі.

_____ тиеп жөнелту күні

Сынама алу _____ сәйкес жүргізіледі.

_____ стандарттың нөмірі

Сынаулар мынадай көрсеткіштер және сынау әдістемелері бойынша

жүргізіледі:

_____ көрсеткіш атауы _____ стандарттың нөмірі _____ норма

Нәтижелеріне қарамастан астықтың сапасын сараптау рәсімімен байланысты шығындарды _____ шартқа сәйкес төлеуге міндеттенеміз.

Өтініш беруші _____

қолы

Т . А . Ә

М . О .

Орындау үшін зертхана маманы _____ жіберілді.

Орындалғаны туралы белгі: _____

Астық сапасының сараптамасы

тәртібіне және астық сапасының

паспортын беруге қойылатын талаптарға 2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша алынып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2007.05.28. N 355 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

Астық сапасының сараптамасы тәртібіне және астық сапасының паспортын беруге қойылатын талаптарға 3-қосымша

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2007.05.28. N 355 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

Көлік құралын жарамсыз деп тану акті

200_жылғы " _ " _____

АҚК атауы

Біздер, мына құрамдағы комиссия: астықтың сапасын сараптау жөніндегі зертхананың маманы _____, (зертхананың атауы, Т.А.Ә)

өтініш берушінің өкілі _____, (лауазымы, Т.А.Ә)

астық қабылдау кәсіпорнының өкілі _____, (лауазымы, Т.А.Ә)

мынаны анықтадық _____

_____ транспорт

(транспорт құралдарының атауы және N N) құралдары мыналардың: бөтен заттардың, астық қалдығының, бөтен иістің, зиянкестермен залалдануы (керегінің астын сызу қажет) болғандығынан астықты тасымалдау үшін жарамсыз деп танылды.

Қ о л д а р :

М а м а н :

Астық қабылдау кәсіпорнының өкілі:

Өтініш берушінің өкілі:

Астық сапасының сараптамасы тәртібіне және астық сапасының паспортын беруге қойылатын талаптарға 4-қосымша

Ескерту. 4-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2007.05.28. N 355 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

Сынамалар алу

акті

200 ____ жылғы " ____ " _____

Мен, _____ маманы,
(зертхананың атауы, Т.А.Ә)

_____ қатысуымен

(астық қабылдау кәсіпорны өкілінің лауазымы, Т.А.Ә)

_____ қатысуымен

(өтініш беруші өкілінің лауазымы, Т.А.Ә)

_____ (сынама алған орын: астық қабылдау кәсіпорнының атауы)

N ____ силоста сақтаулы, салмағы _____ тонна партиядан _____ талаптарына сәйкестігіне _____

көрсеткіштер бойынша астықтың сапасына сынау жүргізу үшін МЕМСТ 13586.3-83 2.2.3-т. сәйкес сынамалар алдым.

Салмағы 2000 г. сынамалар әрқайсысы астықты тиеп жөнелту кезінде әрбір вагондық партиядан алынды, _____ салынды, мөрленді және _____ сақтауға арналған.

_____ (астықтың сапасын сараптау жөніндегі зертхананың атауы)

Ескерту: бір алу акті бір сөтке ішінде, бір өтініш беруші, бір келісім-шарт бойынша тиеп жөнелткен астықтың вагондық партияларына алу актіңде әрбір ыдыс-орынды (вагонды) көрсету арқылы жасала алады.

В а г о н д а р д ы ң N N :

Салмағы 2000 г. сынама _____ салынды, _____ (кіммен, қалай)

мөрленді және _____ жіберуге арналған.

(астықтың сапасын сараптау жөніндегі зертхананың атауы)

Сынамалар алу уақыты: ___сағ. ___мин. бастап ___сағ. ___мин. дейін

Маман:

_____ (қ о л ы)

_____ (Т . А . Ә)

АҚК өкілі:

_____ (қ о л ы)

_____ (Т . А . Ә)

Өтініш берушінің өкілі:

_____ (қолы)

_____ (Т.А.Ә)

Астық сапасының сараптамасы
тәртібіне және астық сапасының
паспортын беруге қойылатын
талаптарға 5-қосымша

Ескерту. 5-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2007.05.28. N 355 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

N 1 нысан

Астықтың сынамаларын тіркеу журналы

Рет N	Күні	Өтініш беруші	Дақылдың атауы	Көлік құралының (қойманың) N	Партияның салмағы, кг	Сынамалар алу жүргізілген АҚК атауы	Сынаманы қабылдаған маман.ның қолы
-------	------	---------------	----------------	------------------------------	-----------------------	-------------------------------------	------------------------------------

1	2	3	4	5	6	7	8
---	---	---	---	---	---	---	---

Астық сапасының сараптамасы
тәртібіне және астық сапасының
паспортын беруге қойылатын
талаптарға 6-қосымша

Ескерту. 6-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2007.05.28. N 355 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

сынаманы сынауға жіберіп отырған зертхананың атауы

сынама жіберіліп отырған зертхананың атауы

Өтініш

_____ астығының
_____ да қылдың атауы
_____ сынамаларына
_____ сынамалардың тіркеу нөмірлері көрсетіледі
_____ көрсеткіштің атауы және сынау әдісі көрсетіледі
_____ көрсеткіштер бойынша
сынау жүргізуді сұраймыз.

Маман: _____
қолы _____ Т.А.Ә

М.О.

Астық сапасының сараптамасы
тәртібіне және астық сапасының
паспортын беруге қойылатын
талаптарға 7-қосымша

Ескерту. 7-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы
министрінің 2007.05.28. N 355 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан
қараңыз) бұйрығымен.

з е р т х а н а н ы ң а т а у ы

тіркеу аттестатының N

зертхананың мекен-жайы

Зерттеу нәтижесі

Өтініш берушінің атауы _____
Дақылдың атауы _____
Сынаманы _____ алды
кім, қай жерден
Сынаманың салмағы _____ кг Түскен _____ күні
_____ өтініші бойынша
Астықтың сапасын сараптау жөніндегі зертхананың атауы

Сынау жүргізілген күн _____

Сапа көрсеткіштері | Сынау әдісі | Нақты нәтиже

Қоршаған ортаның жағдайы:

Орындаушы _____
Т.А.Ә., қолы
Зертхана меңгерушісі _____
Т.А.Ә., қолы

М.О.
Берілген күні:
Астық сапасының сараптамасы
тәртібіне және астық сапасының
паспортын беруге қойылатын
талаптарға 8-қосымша

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің
2007.05.28. N 355 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз)
бұйрығымен.

Астық сапасына сараптама жасау жөніндегі зертхананың атауы
Мекен-жайы: 200_жылғы "___" _____
Телефоны/факсы: N_____ тіркеу аттестаты
200_жылғы "___" _____ N_____ сынау хаттамасы
Парақтар саны _____
_____ алу актісімен бірге түскен сынамалар
Сынаманы алған _____ Сынама алынған орын _____
(к і м)

Сынаманың түскен күні мен уақыты: 200_жылғы "___" _____ сағ. _____ мин.
Өтініш беруші _____

Мекен-жайы _____
200_ж. егін астығы. Партияның салмағы _____ Сынаманың салмағы _____
Астықтың түрі _____ Тегі _____ сыныбы _____
_____ талаптарына сәйкестігіне сынау түрі _____

ТН ВЭД коды _____ КП ВЭД коды _____ (200_жылғы "___" _____ өтініш N)

Сынаулар жүргізілген күн

Көрсеткіштердің атауы	Сынау әдістеріне арналған стандарттар	Өтініш бойынша нормалар	Нақты көрсеткіштер

Қоршаған ортаның температурасы, ° С:

Орташа ылғалдылық, %:

О р ы н д а у ш ы л а р :

З е р т х а н а м е н г е р у ш і с і :

Сынаулар тіркеу шарттарына сәйкес жүргізілді.

Хаттама сынау жүргізілген сынамаға жүреді.

Астықтың сапасын сараптау жөніндегі _____ зертханасының сынау хаттамасын ішінара немесе толығымен көшіріп басуға тыйым салынады.

Астық сапасының сараптамасы тәртібіне және астық сапасының паспортын беруге қойылатын талаптарға 9-қосымша

Ескерту. 9-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2007.05.28. N 355 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

N 2 н ы с а н

Астық сапасының паспортын және сынақ хаттамаларын тіркеу және беру

журналы

РетN №	Сынау хаттамасының N және күні	Ескерту (басқа зертхананың сынау нәтижелерінің N және күні)	Сынау жүргізген маманның Т.А.Ә.	Астық сапасы паспортының N №	Астық сапасының паспортын алғаны туралы өтініш берушінің қолы және күні
1	2	3	4	5	6

Астық сапасының сараптамасы тәртібіне және астық сапасының паспортын беруге қойылатын талаптарға 10-қосымша

Ескерту. 10-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2007.05.28. N 355 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

Астықтың сапа паспорты N 0000001

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Код ТН СЭҚ

"__" _____ 200__ ж " __ " _____ 200__ ж. дейін күшінде

Жіберуші _____ Араласпалар:

Арамшөптік араласпалар _____ %

Жіберу пункті _____ сондай-ақ:

Астық қабылдау кәсіпорнының атауы _____ %

Көлік (склад) N _____ %

Салмағы _____ кг Орын саны _____ %

Қабылдаушы _____ Жеткізу пункті _____ Құлау саны _____ с

Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар және (немесе) келісім-шарт _____

_____ Ерекше белгілер _____

Дақылдың атауы _____

Түрлері__ Түр-түрлері__ Сынып _____

Сапа көрсеткіштері: Қосымша көрсеткіштер _____

Түсі__ Иісі__ Залалдануы _____

Табиғаты__ г/л Ылғалдылығы__ % _____

Жылтырлығы__ % Астық сапасының паспортын берген зертхананың атауы _____

Дән маңызының салмақтық үлесі__% Аттестаттың N_____

Дән маңызының сапасы _____ у.ед.

Тобы. _____

Жалғасы

Дәндік (майлы) араласпалар _____ %

с о н д а й - а қ

_____ %

_____ %

_____ %

Ақуыз _____ %

Колы _____

Астық сапасының сараптамасы
тәртібіне және астық сапасының
паспортын беруге қойылатын
талаптарға 11-қосымша

Астықтың сапа паспортының телнұсқасы N 0000001

Код ТН СЭҚ
"__"______ 200__ ж " __"______ 200__ ж. дейін күшінде
Жіберуші _____ Араласпалар:
Арамшөптік араласпалар _____ %

Жіберу пункті _____ сондай-ақ:
Астық қабылдау кәсіпорнының
атауы _____ %

Көлік (склад) N _____ %

Салмағы _____ кг Орын саны _____ %

Қабылдаушы _____
Жеткізу пункті _____ Құлау саны _____ с

Нормативтік құжаттар _____ Ерекше белгілер _____

Дақылдың атауы _____

Түрлері__ Түр-түрлері__ Сынып _____

Сапа көрсеткіштері: Қосымша көрсеткіштер _____

Түсі__ Иісі__ Залалдануы _____

Табиғаты__ г/л Ылғалдылығы__ % _____

Жылтырлығы__ % _____ Астық сапасының паспортын
берген зертхананың атауы

Дән маңызының салмақтық үлесі__% Аттестаттың N _____

Дән маңызының сапасы _____ у.ед.

Тобы. _____

Жалғасы _____

Дәндік (майлы) араласпалар _____ %

с о н д а й - а қ _____

_____ %

_____ %

Ақуыз _____ %

Қолы _____
Астық сапасының сараптамасы
тәртібіне және астық сапасының
паспортын беруге қойылатын
талаптарға 12-қосымша

Астықтың сапа паспортының көшірмесі N 0000001

Код ТН СЭҚ _____

"__" _____ 200_ж " __ " _____ 200_ж. дейін күшінде

Жіберуші _____ Араласпалар: _____ %
Арамшөптік араласпалар _____ %

Жіберу пункті _____ сондай-ақ:
Астық қабылдау кәсіпорнының
атауы _____ %

Көлік (склад) N _____ %

Салмағы _____ кг Орын саны _____ %

Қабылдаушы _____

Жеткізу пункті _____ Құлау саны _____ с

Нормативтік құжаттар _____ Ерекше белгілер _____

Дақылдың атауы _____

Түрлері__ Түр-түрлері__ Сынып _____

Сапа көрсеткіштері: Қосымша көрсеткіштер _____

Түсі__ Иісі__ Залалдануы _____

Табиғаты__ г/л Ылғалдылығы__ % _____

Жылтырлығы__ % _____ Астық сапасының паспортын
берген зертхананың атауы _____

Дән маңызының салмақтық үлесі__% Аттестаттың N_____

Дән маңызының сапасы _____ у.ед.
Тобы. _____

Жалғасы
Дәндік (майлы) араласпалар _____ %
с о н д а й - а қ

_____ %

_____ %

_____ %

Ақуыз _____ %

Қолы _____